ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

**19.04.2019г. № КВГА-13**

**«Құрылыс» ЖШС-і
директоры
Қ.А. Тұрлыбековқа**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 2019 жылғы 3 сәуірдегі № 36652 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген № 3077220-1 «ОҚО, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылындағы, Қонаев көшесі 183, «Санаторий типтес № 11 арнаулы мектеп - интернаты» КММ ғимаратын күрделі жөндеу» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

«ОҚО, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылындағы, Қонаев көшесі 183, «Санаторий типтес №11 арнаулы мектеп - интернаты» КММ ғимаратын күрделі жөндеу» жұмыс жобасы бойынша Қорытындыға сәйкес, стаып алынатын жұмұстар жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге жатады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*ары қарай – Қағидалар*) Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Біліктілігі туралы мәліметтерінің Ескертуінің 9 тармағына сәйкес, Сіздің конкурстық өтініміңізде құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сәкес келетін 2009, 2012, 2016, 2017 және 2018 жылғы 8 жұмыс тәжірибесі бойынша объектілер үшін конкурстық комиссия 5,6 % шартты жеңілдіктер беру қажет, Қағидалардың 155 тармағына сәйкес.

Бұл ретте, камералдық бақылаумен басқа да бұзушылықтар анықталды, оның қорытындысы бойынша Комитет камералдық бақылау жүргізу ережелеріне сәйкес шаралар қолданады.

Жауаппен келіспеген жағдайда, Сіз «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімге заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Бұл ретте, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

**Төрағаның Орынбасары /подписано/ Б. Нәжімиденов**

*Орын. Бөкейханов Ә.*
*Тел. 71-76-08*